

**Ш.ЕСЕНОВ атындағы
КАСПИЙ МЕМЛЕКЕТТІК
ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖӘНЕ ИНЖИНИРИНГ УНИВЕРСИТЕТІ**

Ғылыми кеңестің шешімімен
(21.09.2017 № 1 хаттама)
БЕКІТІЛГЕН

**Мамандық бойынша білім беру бағдарламасын әзірлеу
ЕРЕЖЕСІ**

АҚТАУ 2017

1. Мақсаты мен қолдану саласы

1.1 Мамандық бойынша білім беру бағдарламасын әзірлеу ережесі (бұдан әрі - ереже) Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университетінде (бұдан әрі – КМТИУ, университет) мамандық бойынша білім беру бағдарламасының құрастырылуына, мазмұнына, рәсімделуіне және оның әзірленуі мен бекітілуіне қойылатын талаптарды анықтайды.

1.2 Ереже университетте мамандық бойынша білім беру бағдарламасының құрастырылуына, мазмұнына, рәсімделуіне және оның әзірленуі мен бекітілуіне қойылатын талаптарды жүзеге асыруда негізгі құжат болып табылады және мамандық дайындайтын құрылымдарда міндетті түрде енгізілуі және орындалуы тиіс.

2. Жалпы ережелер

2.1 Ереже нақты мамандық бойынша жоғары кәсіптік білім берудің құзыреттерге негізделген бағдарламасын жүзеге асырудағы мазмұны мен жалпы ұйымдастыру-әдістемелік талаптарды анықтаушы негізгі құжат болып табылады.

2.2 МББББ - университетте дайындық(мамандық) бағыты (бакалавриат, магистратура, докторантура) бойынша еңбек нарығы (жұмыс берушілердің) мен бітірушілердің талаптарын, Еуропалық жоғары білім беру тәжірибелерін, мамандық бойынша МЖМБС нұсқауларын қамтыған құжаттар жүйесі болып табылады.

2.3 МББББ құрастыру, мазмұндау және рәсімдеу Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 13 мамырдағы №292 Қаулысымен бекітілген ҚР «Жоғары білім берудің тиісті деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына» сәйкес болуы қажет.

2.4 МББББ мақсаттарды, күтілетін нәтижелерді, білім беру үдерісі мазмұнын және жүзеге асыру технологиясын, дайындық (мамандық) бағыты бойынша бітірушінің дайындық сапасын бағалауды регламенттейді.

2.5 Жоғары білім мамандықтары шеңберінде университет Ұлттық біліктілік аясында, кәсіптік стандарттарға сәйкес және Дублин дескрипторларымен Еуропалық біліктілік шеңберіне үйлестірілген МББББ өз бетінше әзірлейді.

2.6 Құзыреттерге негізделген МББББ жоғары кәсіптік білім беретін ҚР МЖМБС, салалық стандарттарға, кәсіптік стандарттарға, университеттің материалдық-техникалық базаларына, арнайы оқу және оқу-әдістемелік әдебиеттер мен қалыптасқан Еуропалық жоғары білім беру тәжірибелеріне, жұмыс берушілердің, бітірушілердің талаптарына сәйкес жасақталады.

3. МББББ құрылымы

Құзыреттерге негізделген білім беру бағдарламасының құрылымы:

3.1. Титуль беті (мамандық коды (шифры) және атауы) (Қосымша А)

3.2 БББ жасақтаушы жұмыс тобының құрамы

3.3 Мазмұны

3.4 Негізгі құжаттар

3.5 Анықтамалар және қысқартулар

3.6 Кіріспе

3.7 Білім беру бағдарламаларына түсушілерге қойылатын талаптар.

3.8 Бітірушілерге қойылатын жалпы талаптар.

3.9 Құзыреттерге негізделген білім беру бағдарламасы (Қосымша Б).

3.9.1 **Бакалавр құзыреттері** .

3.9.2 Бакалавриат модульдері бойынша құзыреттердің үйлестірілуі (қалыптастыратын құзыреттердің ҚНББ модульдеріне және пәндеріне сәйкестік матрицасы);

3.9.3 Құзыреттілік бағытпен оқытудағы соңғы нәтижелері;

3.9.4 Мамандықтың технологиялық картасы (білім алушылардың меңгеретін құзыреттері, оқыту нәтижелері және бақылау формалары мен әдістері);

3.9.5 **Магистр құзыреттері** (Қосымша В).

3.9.6 Магистратура модульдері бойынша құзыреттердің үйлестірілуі (қалыптастыратын құзыреттердің ҚНББ модульдеріне және пәндеріне сәйкестік матрицасы);

3.9.7 Құзыреттілік бағытпен оқытудағы соңғы нәтижелері;

3.9.8 Мамандықтың технологиялық картасы (білім алушылардың меңгеретін құзыреттері, оқыту нәтижелері және бақылау формалары мен әдістері);

3.9.10 **Докторант құзыреттері** (Қосымша Г);

3.9.11 Докторантура модульдері бойынша құзыреттердің үйлестірілуі (қалыптастыратын құзыреттердің ҚНББ модульдеріне және пәндеріне сәйкестік матрицасы);

3.9.12 Құзыреттілік бағытпен оқытудағы соңғы нәтижелері;

3.9.13 Мамандықтың технологиялық картасы (білім алушылардың меңгеретін құзыреттері, оқыту нәтижелері және бақылау формалары мен әдістері).

4. МББББ әзірлеу тәртібі

4.1 МББББ әзірлеу барысында факультет (кафедра) болжамды дайындық бағыты (бакалавриат, магистратура, докторантура) бойынша ЖКББ, ҚНББ салаларын және мамандануын анықтайды.

4.2 Факультет деканы МББББ жүзеге асыру және құрастыру үшін жұмыс тобы жөніндегі өкім шығарады.

4.2.1 Жұмыс тобына жалпы басшылықты факультет деканы жүзеге асырады.

4.2.2 Жұмыс тобы құрамына кафедра меңгерушісі, білікті оқытушылар, факультеттің оқу-әдістемелік бюросының мүшелері кіреді.

4.2.3 МББББ әзірлеу ОӘБ қызметкерлерімен бірге жүзеге асырылады және олардың тұрақты бақылауында болады.

4.2.4 Жұмыс тобы дайындық бойынша олардың өзгешеліктерін, ғылыми мектептің ерекшеліктерін, еңбек нарығының сұранысын ескерумен бағдарламаның басты мақсатын және ҚНББ мақсатын анықтауы қажет.

4.2.5 Егер МББББ әзірлеу кезінде оқу жоспарына жаңа пән енгізу және ол бойынша ОӘК құрастыру туындаса, жұмыс тобы Оқу-әдістемелік кеңес жөніндегі Ережені басшылыққа алуы қажет.

4.2.6 МББББ бекіту үшін жұмыс тобы кафедра атынан қызметтік хатпен университеттің оқу-әдістемелік кеңесіне шығады. МББББ оқу-әдістемелік кеңесте талқыланып, университеттің Ғылыми Кеңесінде бекітіледі.

4.3 МББББ дайындық бағыттары (бакалавриат, магистратура, докторантура) мен салалары бойынша жеке дайындалады.

4.4 МББББ оқу үдерісіндегі қажеттіліктерге байланысты әрбір оқу жылында негізгі оқу жоспарында анықталған модульдердің (пәндердің) ОӘК мазмұны, оқу және өндірістік тәжірибелердің бағдарламалары, ғылым, техника, мәдениет, экономика, технология және әлеуметтік салалары (салаларын қамтитын) есебінен білім беру технологияларының дамуына сәйкес әдістемелік материалдардың құрамы жаңартылады.

4.5 МББББ мазмұнына енетін құжаттар кешенінің әзірленуіне, қалыптастырылуына және сақталуына кафедра (факультет) жауапты болып табылады.

5. МББББ құраушыларының мазмұнына қойылатын талаптар

5.1 Мамандық коды және атауы

5.1.1 Мамандық бағытының коды мен атауы ҚР БҒМ бекіткен жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім мамандықтарының жіктеуішіне сәйкес жазылады.

5.2 Берілетін дәрежесі

5.2.1 ҚНББ толықтай аяқталғаннан кейін білім алушының берілетін дәрежесі ЖБМЖМС және мамандықтың үлгілік оқу жоспарына сәйкес көрсетіледі.

5.3 Оқу мерзімі

5.3.1 Дайындық (мамандық) бағыты бойынша ҚНББ меңгеру мерзімі университеттің білім беру қызметін жүргізуге арналған лицензиясына сәйкес қабылдау жылымен бірге көрсетіледі.

5.4 Оқу тілі

5.4.1 Университетте дайындалатын мамандық (дайындық) бағыты мен бейіні жүзеге асырылатын оқыту/оқу тілдері көрсетіледі.

5.5 Мамандық даярлығы жүзеге асырылатын факультет атауы

5.5.1 Университетте дайындалатын мамандық (дайындық) бағыты мен бейіні жүзеге асырылатын факультет атауы көрсетіледі.

5.6 Маман даярлаушы кафедра атауы

5.6.1 Дайындық бағыты (мамандық) бойынша іс-құжаттарға, ҚНББ және бейіндік бағыты бойынша оқу-тәрбие, ұйымдастыру-әдістемелік, ғылыми-зерттеу жұмыстарына жауапты кафедра атауы көрсетіледі.

5.7 Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері

5.7.1 МББББбілім алушының жеке тұлғалық сапасын дамытуды, сондай-ақ, дайындық (мамандық) бағыты бойынша ҚНББ талаптарына сәйкес жалпы мәдени әмбебап (жалпығылыми, әлеуметтік-жеке тұлғалық, инструментальды) және кәсіби құзыреттерді қалыптастыруды мақсат етеді.

5.8 Білім беру бағдарламаларына түсушілерге қойылатын талаптар

5.8.1 Бакалавриат мамандығы үшін талапкердің жалпы орта (толық) білімі немесе орта кәсіптік білімі туралы мемлекеттік үлгідегі құжаты болуы қажет. Ұлттық бірыңғай тест нәтижелерінен көрсеткіші белгіленген мөлшерден жоғары болуы және оны растайтын құжаты болуы тиіс.

5.8.2 Дайындық (мамандық) бағыттарының ерекшеліктеріне сәйкес кейбір бакалавриат (мамандық) бағдарламалары бойынша оқуға қабылдау кезінде шығармашылық емтихандар өткізілуі мүмкін.

5.8.3 Жоғары кәсіби білімі бар тұлғалар магистрлік, докторлық бағдарламаларды меңгеру үшін оқуға қабылдануы сынақ емтихандарының нәтижесі бойынша жүзеге асырылады. Мамандық бағыты бойынша магистрлік, докторлық бағдарламаларды меңгеру үшін қажетті құзыреттерді түсушілерде анықтау мақсатында сынақ тапсырмаларын университет әзірлейді.

5.9 Күтілетін оқыту нәтижелері

Бітіруші маманның білімі, білігі мен жеке басының сапалық қасиетінің сұлбасы сипатталады.

Бітірушілерге қойылатын жалпы талаптар білім беру мазмұнына және жалпыланған басты оқыту нәтижелеріне сәйкес болуы көрсетіледі.

5.9.1 ҚНББ меңгеру үдерісінде бітірушілерде қалыптастырылатын құзыреттер МЖМБС, Ұлттық біліктілік шеңберіне, кәсіптік стандарттарға сәйкес және Дублин дескрипторларымен, Еуропалық біліктілік шеңберімен үйлестірілген/сәйкестендірілген білім беру бағдарламалары, жұмыс берушілердің ұсынысы негізінде анықталады.

5.9.2 Жоғары кәсіби білім беруде қалыптастырылатын құзыреттер: кәсіби міндеттерді шешумен тікелей байланысты емес, бірақ кәсіби іс-әрекеттің сәттілігін қамтамасыз ететін – жалпымәдени (жалпы, әмбебап) және оқытудың білім саласының ерекшелігімен тығыз байланысты пәндік-мамандандырылған құзыреттер көрсетіледі.

5.9.3 Жалпымәдени құзыреттер топтамасы дайындық бағыты бойынша барлық мамандықтар үшін ортақ болып табылады немесе болуы мүмкін. Жалпымәдени құзыреттердің құрамында инструментальды, жеке тұлғалық, жүйелілік құраушылар болады.

5.9.4 Кәсіби (жалпыкәсіби, пәндік) құзыреттер. Кәсіби құзыреттер мамандықтың іс-әрекет бағытымен байланысты анықталады. Құзыреттерге сәйкес оқыту нәтижелері пәннің жұмыс бағдарламасында және модульдер (пәндер) каталогінде ашылып жазылады.

5.9.5 Құзыреттілікке бағдарланған оқытудың соңғы нәтижелері үш құраушыға сәйкес көрсетіледі: білімдік, іс-әрекеттік және құндылық құраушылар саласы. Сондай-ақ, оқыту нәтижелері мамандық бойынша меңгеру деңгейлеріне сәйкес жазылады. Олардың нақтылануы пәннің жұмыс бағдарламасында жүзеге асырылады.

5.10 Қалыптастыратын құзыреттердің ҚНББ модульдеріне және пәндеріне сәйкестік матрицасы

5.10.1 МББББжобалауда талап етілетін құзыреттердің және оларды қалыптастыратын ҚНББ құраушы модульдерге және пәндерге сәйкестік матрицасы әзірленеді.

5.10.2 Қалыптастырылатын құзыреттердің басым көпшілігі жекелеген пәндер бойынша жүзеге асырылмайды, сол себепті, модульдерде бірнеше пәндер мазмұнында іске асатыны назарға алынады.

5.10.3 Құзыреттер әртүрлі пәндерді зерделеу кезінде, сондай-ақ тәжірибелік және өзіндік жұмыстың әртүрлі формаларында қалыптастырылады. Аталған матрицаны әзірлеу кезінде қосымша Б үлгісі пайдаланылады.

5.10.4 Оқыту үдерісінде қалыптастырылатын құзыреттер мазмұнын оқу пәндері құрамы мен олардың бағдарламасының мазмұны анықтайды. Сондықтан да, университетте бағдарланған жұмыстарға, қалыптасқан еңбек нарығына байланысты бітірушінің біліктілік-құзыреттілік сұлбасын толықтыру мен нақтылау әрбір МББББ қарастырылады.

5.11 ҚНББ жүзеге асырудағы оқыту технологиялары мен әдістері

5.11.1 Оқыту технологиясы мен әдістері білім беру технологиясының құраушылары болып табылады. Білім беру технологиясы жоспарланған оқыту нәтижелерін, формаларын, білім алушы мен оқытушының өзара ықпал ету тәртібін, оқыту әдістері мен құралдарын, оқыту үдерісінің ағымдағы жағдайын және білім алушының меңгеру дәрежесін диагностикалауды қамтиды.

5.11.2 Дайындық бағытындағы жалпымәдени және пәндік саладағы оқытудың сұранысқа ие оқыту технологиялары көрсетіледі.

5.11.3 Оқыту әдістері ретінде оқыту мақсатына қолжеткізуге бағытталған оқытушы мен білім алушылардың бірлескен іс-әрекет тәсілдері көрсетіледі.

5.12 ҚНББ оқыту нәтижелерін бағалау

5.12.1 Оқыту нәтижелерін бағалау – аттестаттау түрлері мен бағалау құралдары арқылы жүзеге асырылады.

5.12.2 Бағалау формалары білімдік (когнитивті), іс-әрекеттік (операциялық) және құндылық қатынастарды (аксиологиялық) құраушыларды қамтиды. Бағалау формалары оқыту нәтижелерін құраушыларға сәйкес жүзеге асырылады. Бағалау объектісі және оған қойылатын талаптар пәннің жұмыс бағдарламасында көрсетіледі.

6. МББББ рәсімделуіне қойылатын талаптар

6.1 МББББ беттерін рәсімдеуге қойылатын талаптар МББББ бірінші және екінші беттері қосымша А-ға сәйкес рәсімделеді.

7. МББББ әзірлеу және бекіту тәртібі

7.1 МББББ нақты сала мамандарын даярлауды қамтамасыз ететін, мамандыққа жауапты кафедра дайындайды, факультеттің оқу-әдістемелік бюросында талқыланады.

МББББ ОӘБ эксперттен өткеннен кейін университеттің оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректормен, СЖРАБ басшысымен келісіледі және Ғылыми Кеңесте бекітіледі.

7.2 МББББ жұмыс берушілердің, бітірушілердің және білім алушылардың талап тілегіне және ҚР БҒМ дайындаған нормативті құжаттарға сәйкес қайта

қарастырылуы және (немесе) мамандықтың (бағыттың) оқу жоспарларының өзгерілуіне байланысты қайта өңделуі мүмкін.

7.3 МББББ кафедраның іс-құжаттарында көшірмесі және электрондық тасымалдағышы, ал түпнұсқасымен электрондық тасымалдағышы университеттің оқу-әдістемелік бөлімінде сақталады.

8. МББББ талаптарын сақтауға бақылау, жауапкершілік және өкілеттілік

8.1 МББББ талаптарын сақтауға бақылауды:

- факультеттің оқу-әдістемелік бюро төрағасы/төрайымы;
- университеттің СЖРАБ, Оқу-әдістемелік бөлімі жүзеге асырады.

8.2 Ереже талаптарының енгізілуіне Оқу-әдістемелік бөлімнің басшысы жауапты болып табылады.

8.3 Ереженің талаптарының орындалуын оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректор қадағалайды.

8.4 Мамандық бойынша білім беру бағдарламасын әзірлеу мен бекітуге қабылданған шешімнің және барлық деректердің объективтілігі мен дәйектілігі туралы жауапкершілік кафедра меңгерушісіне жүктеледі.

8.5 МББББ жүзеге асырылу сапасына кафедра меңгерушісі мен факультет деканы жауапты болып табылады.

8.6 МБББ талаптарын сақтамағаны үшін кафедра меңгерушісіне және университет қызметкерлеріне университеттің ішкі нормативтік құжаттарында көрсетілгендей тәртіптік шара қолданылады.

**Ш.ЕСЕНОВ АТЫНДАҒЫ КАСПИЙ МЕМЛЕКЕТТІК
ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖӘНЕ ИНЖИНИРИНГ УНИВЕРСИТЕТІ**

КЕЛІСІЛГЕН

Мекеме/ кәсіпорын жетекшісі
(мекеменің атауы)

_____ аты-жөні, тегі

БЕКІТЕМІН

Ш.Есенов атындағы Каспий
мемлекеттік технологиялар
және инжиниринг университеті

_____ Б.Б.Ахметов

**МАМАНДЫҚ БОЙЫНША БІЛІМ БЕРУ
БАҒДАРЛАМАСЫ**

_____мамандығының білім беру бағдарламасын
жасау
(мамандық коды мен атауы)

бойынша құрылған жұмыс тобының құрамы:

(ОПҚ аты, жөні) (ғылыми атағы мен дәрежесі)

(ОПҚ аты, жөні) (ғылыми атағы мен дәрежесі)

_____мамандығы бойынша білім беру бағдарламасы
_____кафедрасының мәжілісінде талқыланды.

Хаттама №_ «____»_____ 201__ ж.

_____факультеттің ғылыми кеңесінде талқыланды.

Хаттама №_ «____»_____ 201__ ж.

Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг
университетінің оқу-әдістемелік кеңесінде талқыланды.

Хаттама №_ «____»_____ 201__ ж.

Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг
университетінің Ғылыми Кеңесінде бекітілді.

Хаттама №_ «____»_____ 201__ ж.

ҚҰЗЫРЕТТЕРГЕ НЕГІЗДЕЛГЕН БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ

Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университетінде «Экология» мамандығына арналған білім беру бағдарламасындағы метақұзыреттер вертикалды және горизонталды бірігуіне негізделген:

ДОКТОРАНТУРА (EQF-8)	Б1. Оқу- танымдық (3)	Б2. Жеке тұлғалық (3)	Б3. Коммуникативтік (3)	Б4. Ғылыми- педагогикалық (2)
МАГИСТРАТУРА (EQF-7)	Б1. Оқу- танымдық (2)	Б2. Жеке тұлғалық (2)	Б3. Коммуникативтік (2)	Б4. Ғылыми- педагогикалық (1)
БАКАЛАВРИАТ (EQF-6)	Б1. Оқу- танымдық (1)	Б2. Жеке тұлғалық (1)	Б3. Коммуникативтік (1)	Б4. Кәсіби (1)

БАКАЛАВРЫНЫҢ ҚҰЗЫРЕТТЕРІ

(мамандығы)

білім беру бағдарламасын тамамдаған кезде (4 жыл, бакалавр) бітіруші төмендегі құзыреттерді меңгергенін көрсетуі қажет:

Метақұзыреттер	Құрамдас құзыреттер
Б1.Оқу- танымдық	Б1.1. БІЛІМІН ҚОЛДАНУ: білімін және дағдыларын тәжірибе жүзінде қолданады; Б1.2. СЫНИ ОЙЛАУ АРҚЫЛЫ БАСҚАРУ: ақпараттың артықшылықтары мен кемшіліктерін сыни көзқараспен бағалай білу, ойлау, өзінің көзқарасын дәлелдей алу және жаңа шешімдер ұсына біледі; Б1.3. АҚПАРАТТЫҚ КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ: заманауи ақпараттық технологияларды меңгеру және кәсіби салада қолдануға қабілетті.
Б2. Жеке тұлғалық	Б2.1. ӨЗІН-ӨЗІ ДАМУ: кәсіби және тұлғалық тұрғыдан өсуге ұмтылу қабілеті. Б2.2. ӨЗІН-ӨЗІ ҰЙЫМДАСТЫРУ: өз уақытын тиімді ұйымдастыруға, жауапкершілікті өзіне қабылдауға, техникалық қауіпсіздік ережелерін сақтауға, қоршаған ортаны қорғауға қабілетті;

	<p>Б2.3. ТОПТА ЖҰМЫС ЖАСАУ: топта жұмыс істеуге қабілетті, жаңа шешімдер ұсына біледі, өз пікірін ұжым пікірімен ұштастыра біледі, қақтығыстарды шешуге қабілетті;</p> <p>Б2.4. ЭТИКА ЖӘНЕ ҚҰНДЫЛЫҚТАР: қоғамдық нормаларға негізделетін әлеуметтік-этикалық құндылықтарды біледі және кәсіптік қызметінде қолданады; өзге халықтардың мәдениетіне толерантты.</p>
Б3. Коммуникативтік	<p>Б3.1. ҚОҒАМ ЖӘНЕ КӘСІБИ ОРТАДА КОММУНИКАТИВТІ ДАҒДЫЛАРДЫ ҚОЛДАНУ: ауызша және жазбаша сөйлеу әрекеттерін жүйелі, сауатты, дәлелді және нақты қолдану</p>
Б4. Кәсіби	

БАКАЛАВРИАТ МОДУЛЬДЕРІ БОЙЫНША ҚҰЗЫРЕТТЕРДІҢ ҮЙЛЕСТІРІЛУІ:

№	Модуль аты	Б1.Оқу- танымдық	Б2. Жеке тұлғалық	Б3.Коммуникат ивтік	Б4. Кәсіби

БАКАЛАВРИАТ ПӘНДЕРІ БОЙЫНША ҚҰЗЫРЕТТЕРДІҢ ҮЙЛЕСТІРІЛУІ:

Мод уль	Пәндер	Б1			Б2				Б3	Б4		
		Б1. 1	Б1. 2	Б1. 3	Б2. 1	Б2. 2	Б2. 3	Б2. 4	Б3. 1	Б4. 1	Б4. 2	Б4. 3

ҚҰЗЫРЕТТІЛІК БАҒЫТПЕН ОҚЫТУДАҒЫ СОҢҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

Пән аты	Меңгерілетін құзыреттер	Когнитивті домен	Психомоторлы домен	Аффективті домен

_____ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ КАРТАСЫ (мамандығы)

№	Құзыреттер	Оқыту формалары	Оқытушы әрекеті (әдісі)	Білім алушы әрекеті (әдісі)	Бақылау формалары	Меңгеру нәтижесі

МАГИСТРАТУРА БІТІРУШІСІНІҢ ҚҰЗЫРЕТТЕРІ

(мамандығы)

_____ білім беру бағдарламасын тамамдаған кезде (2
(мамандығы) жыл, магистр) бітіруші төмендегі құзыреттерді
меңгергенін көрсетуі қажет:

Метақұзыреттер	Құзыреттер
М1. Оқу-танымдық (2)	<p>М1.1. БІЛІМІН ҚОЛДАНУ: білімін және дағдыларын арнайы шеңберлі мамандықта, ғылыми педагогикалық қызметінде қолданады;</p> <p>М1.2. АҚПАРАТТЫ СЫНИ ОЙЛАУ АРҚЫЛЫ БАСҚАРУ: ақпараттың артықшылықтары мен кемшіліктерін сыни көзқараспен бағалай білу, ойлау, өзінің көзқарасын дәлелдей алу, толық емес немесе шектеулі ақпарат негізінде тұжырымдамалар жасайды;</p> <p>М1.3. АҚПАРАТТЫҚ КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ: заманауи ақпараттық технологияларды меңгерген, ғылыми бағытта және кәсіби салада қолданады.</p>
М2. Жеке тұлғалық (2)	<p>М2.1. ӨЗІН-ӨЗІ ДАМУ: Өмір бойы кәсіби және тұлғалық тұрғыдан өсуге ұмтылады.</p> <p>М2.2. ӨЗІН-ӨЗІ ҰЙЫМДАСТЫРУ: Тиісті шешімдерге байланысты жауапкершілікті өзіне ала біледі және ұйымдастыру-басқару қызметіндегі өз көзқарасын қорғай біледі.</p> <p>М2.3. ТОПТА ЖҰМЫС ЖАСАУ: топта жұмыс істеуге қабілетті, жаңа шешімдер ұсына біледі, өз қорытындыларын және олардың негіздемесін мамандарға және маман емес терге жеткізе алады, қақтығыстарды шешеді;</p> <p>М2.4. ЭТИКА ЖӘНЕ ҚҰНДЫЛЫҚТАР: қоғамдық нормаларға негізделетін әлеуметтік-этикалық құндылықтарды біледі, өз қызметінің рефлексиясына деген ынтасын көрсетеді.</p>
М3. Коммуникативтік (2)	<p>М3.1. ҚОҒАМ ЖӘНЕ КӘСІБИ ОРТАДА КОММУНИКАТИВТІ ДАҒДЫЛАРДЫ ҚОЛДАНУ: кәсіби және ғылыми мәселелерді шешу мақсатында ана тілінде және шет тілінде ауызша және жазбаша коммуникация жүргізуге қабілетті.</p>
М4. Ғылыми-	М4.1. ҒЫЛЫМИ ӘДІСНАМА: ғылыми зерттеулерді

педагогикалық (1)	жобалайды және жүргізеді, алынған нәтижелерді сыни тұрғыдан қарастырып, статистикалық сараптаудан өткізеді, жарияланымдардың ережелерін біледі;
------------------------------	---

МАГИСТРАТУРА МОДУЛЬДЕРІ БОЙЫНША ҚҰЗЫРЕТТЕРДІҢ ҮЙЛЕСТІРІЛУІ:

№	Модуль аты	М1. Оқу- танымдық	М2. Жеке тұлғалық	М3. Коммуникативтік	М4. Ғылыми- педагогикалық

МАГИСТРАТУРА ПӘНДЕРІ БОЙЫНША ҚҰЗЫРЕТТЕРДІҢ ҮЙЛЕСТІРІЛУІ

Модуль	Пәндер	М1			М2				М3	М4		
		М1.1	М2.1	М3.1	М2.1	М2.2	М2.3	М2.4	М3.1	М4.1	М4.2	М4.3

ҚҰЗЫРЕТТІЛІК БАҒЫТПЕН ОҚЫТУДАҒЫ СОҢҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

Пән аты	Меңгерілетін құзыреттер	Когнитивті домен	Психомоторлы домен	Аффективті домен

_____ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ КАРТАСЫ (мамандығы)

№	Құзыреттер	Оқыту формалары	Оқытушы әрекеті (әдісі)	Білім алушы әрекеті (әдісі)	Бақылау формалары	Меңгеру нәтижесі

ДОКТОРАНТУРА БІТІРУШІСІНІҢ ҚҰЗЫРЕТТЕРІ

(мамандығы)

білім беру бағдарламасын тамамдаған кезде (3 жыл,

(мамандығы)

докторант) бітіруші төмендегі құзыреттерді меңгергенін көрсетуі қажет:

Метақұзыретте р	Құзыреттер
Д1. Оқу-танымдық (3)	<p>Д1.1. БІЛІМІН ҚОЛДАНУ – білімін және дағдыларын арнайы шеңберлі мамандықта, ғылыми және ғылыми-педагогикалық қызметінде халықаралық серіктестік шеңберінде қолданады;</p> <p>Д1.2. АҚПАРАТТЫ СЫНИ ОЙЛАУ АРҚЫЛЫ БАСҚАРУ: әртүрлі ғылыми ойлар мен теорияларды сыни тұрғыда талдайды, бағалайды және салыстыра алады.</p> <p>Д1.3. АҚПАРАТТЫҚ КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ- заманауи ақпараттық және инновациялық технологияларды қолдана отырып, патенттік ізденіс жүргізеді және ғылыми ақпаратты беру тәжірибесін қолданады.</p>
Д2. Жеке тұлғалық (3)	<p>Д2.1. ӨЗІН-ӨЗІ ДАМУ- Өмір бойы кәсіби және тұлғалық тұрғыдан өсуге ұмтылады.</p> <p>Д2.2. ӨЗІН-ӨЗІ ҰЙЫМДАСТЫРУ: Тиісті шешімдерге байланысты жауапкершілікті өзіне ала біледі және ұйымдастыру-басқару қызметіндегі өз көзқарасын қорғай біледі.</p> <p>Д2.3. ТОПТА ЖҰМЫС ЖАСАУ: әртүрлі топтардағы жұмыс жасау қабілетін халықаралық серіктестік жағдайында көрсетеді, көшбасшылық қасиеттері қалыптасқан.</p> <p>Д2.4. ЭТИКА ЖӘНЕ ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ғылыми қоғамдағы қарым-қатынас нормаларына негізделетін әлеуметтік-этикалық құндылықтарды біледі, өз қызметінің рефлексиясына деген ынтасын көрсетеді.</p>
Д3. Коммуникативтік (3)	Д3.1. ҚОҒАМ ЖӘНЕ КӘСІБИ ОРТАДА КОММУНИКАТИВТІ ДАҒДЫЛАРДЫ ҚОЛДАНУ: халықаралық ынтымақтастық пен ғылыми байланысты жүзеге асыру мақсатында кәсіптік деңгейде шет тілінде ауызша және жазбаша коммуникация жүргізуге қабілетті; өзінің білімі мен жетістіктерін әріптестеріне, ғылыми қоғамдастыққа және қоғамға жеткізе алады.
Д4. Ғылыми-педагогикалық (2)	Д4.1. ҒЫЛЫМИ ӘДІСНАМА: жаһандану мен интернализацияландыру жағдайында отандық ғылыми дамуының заманауи үрдістерін, бағыттары мен заңдылықтарын қолдана отырып ғылыми зерттеулерді жоспарлап, іске асырады; ұлттық және халықаралық жарияланымдардың ережелерін біледі;

ДОКТОРАНТУРА МОДУЛЬДЕРІ БОЙЫНША ҚҰЗЫРЕТТЕРДІҢ ҮЙЛЕСТІРІЛУІ:

№	Модуль аты	Д1. Оқу- танымдық	Д2. Жеке тұлғалық	Д3. Коммуникативтік	Д4. Ғылыми- педагогикалық

ДОКТОРАНТУРА ПӘНДЕРІ БОЙЫНША ҚҰЗЫРЕТТЕРДІҢ ҮЙЛЕСТІРІЛУІ

Модуль	Пәндер	Д1			Д2				Д3	Д4		
		Д1.1	Д1.2	Д1.3	Д2.1	Д2.2	Д2.3	Д2.4	Д3.1	Д4.1	Д4.2	Д4.3

ҚҰЗЫРЕТТІЛІК БАҒЫТПЕН ОҚЫТУДАҒЫ СОҢҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

Пән аты	Меңгерілетін құзыреттер	Когнитивті домен	Психомоторлы домен	Аффективті домен

_____ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ КАРТАСЫ (мамандығы)

№	Құзыреттер	Оқыту формалары	Оқытушы әрекеті (әдісі)	Білім алушы әрекеті (әдісі)	Бақылау формалары	Меңгеру нәтижесі

2. ҚҰЗЫРЕТТІЛІК БАҒЫТПЕН ОҚЫТУДАҒЫ СОҢҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

Әр пәнде игерілген құзыреттерге сай оқытудың соңғы нәтижелері көрсетілген үш доменге сәйкес қалыптасады:

